



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №16 (1884) 1 МАМЫР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде француз университеттері делегациясының қатысуымен «Жаңартылмалы энергия көздері: Қазақстан мен Франциядағы энергетикалық ауысудың дағдысы мен білімі» атты халықаралық конференция өтті.

Студенттер Total-да тағылымдамадан өтеді



Конференция ашылуында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйледі. «Бүгінгі шараға Реймс-Шампань-Арденна, Гавр және Лотарингия университеттерінен келген қонақтар қатысып отыр. Бұл кездесу біздің әріптестік қарым-қатынасымыздың нәтижесі. Біз француз жоғары оқу орындарымен мұнай және газ, ақпараттық технологиялар, биотехнология және баламалы энергетика саласында қос диплом бағдарламасын енгіздік. ҚазҰУ базасында «Геоэнергетика» Қазақстан-Француз ғылыми-білім беру орталығы құрылды. Университет француздық Total Energy компаниясымен бірлескен бірнеше жоба дайындауда», – деп атап өтті ректор.

Химия факультетінде Лотарингия университетімен бірлескен «Мұнай-газ ісі» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Енді физикатехникалық факультетінің студенттері Total компаниясында ғылыми тағылымдамадан өтеді.

Жалғасы 2-бетте

Басты құндылық – татулық пен тыныштық

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!



Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Татулық пен тыныштықты ту еткен тәуелсіз мемлекетіміз үшін бұл мерекенің орны ерекше. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет.

Бұл жалаң ұран емес, әр

азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек», – деп атап өтті. Осы сөз әрдайым біздің жадымызда болуы тиіс.

Бірлік пен келісім – халқымыз ең қиын-қыстау кезеңнің өзінде сақтай білген құндылықтар. Өзара құрметтің, ауызбіршіліктің пен жасампаз еңбектің арқасында біз ел іргесін нығайтып, экономикада, білім мен мәдениет саласында айтарлықтай жетістікке жете алдық. Қазақстан қазір

қоғамдық келісім мен достық қарым-қатынасты берік ұстанған рухы асқақ, қуатты елге айналды. Еліміздегі түсіністік пен келісімді орнықтыруда ҚазҰУ ұжымы да ерекше үлес қосып келеді. ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында әртүрлі ұлттардың 200-ден астам өкілі жұмыс істейді.

Жаңа, әділетті Қазақстан қалыптастыру жолында бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бірлесіп атқаратын ұлы мұраттарымыз баянды болсын.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Бірлік пен ынтымақ мерекесі құтты болсын!

**Құрметпен
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



Бірлігі жарасқан білім ордасы

3-бет



Біліктілігі мен азаматтығы тең тұлға

4-бет



Шетелдік студенттер форумы жастарға рух берді

8-бет

Франция университеттерімен жаңа жобалар іске асады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға еуропалық және халықаралық стратегия жөніндегі вице-президент Карл Томбр бастаған Франция университеттерінің делегациясы жұмыс сапарымен келді.

Делегация құрамында Қазақстандағы Франция елшілігі және Гавр, Шампань-Арден, Лотарингия университеттерінің өкілдері бар.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Францияның 20 жоғары оқу орнымен тығыз байланыс орнатып, бірлескен білім беру жобаларын

іске асырып отырғанын айтты.

«Бүгінде ҚазҰУ Лотарингия және Реймс Шампань-Арден француз университеттерімен қосдипломдық бағдарлама, химия және химиялық технология факультетінде Лотарингия университетімен бірлескен «Мұнай-газ ісі» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ



университет базасында «Геоэнергетика» Қазақстан-Француз ғылыми-білім беру орталығы құрылған.

«Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы аясында 2023 жылы Франция университеттеріне 48 студент, 23 докторант, 16 оқытушы барды. Олар түрлі конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, бірлескен жобаларды жүзеге асырумен айналысты», – деді ректор.

Өз кезегінде еуропалық және халықаралық стратегия жөніндегі вице-президент Карл Томбр университет басшылығына алғыс айтып, ынтымақтастық байланыстарды жаңа бағытта дамытуға дайын екендіктерін жеткізді. ҚазҰУ базасында бірлескен Қазақстан-Француз кампусын құру жоспарлары бар екенін атап өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Студенттер Total-да тағылымдамадан өтеді



Соңы. Басы 1-бетте

Жиында сөз алған Реймс-Шампань-Арденна университетінің бірінші вице-президенті Кристоф Клеман: «Біз ҚазҰУ факультеттерін аралап, өзара ынтымақтастық аясындағы жұмыстарды көзбен көруге мүмкіндік алдық. Мен мұнда көптеген жылдан бері танитын ғалымдарды кездестірдім. Олар білімі мен күш-жігерін ғылымның дамуына жұмсауда. Біз ортақ мақсатты жүзеге асыру жайын талқыладық», – деп атап өтті.

Лотарингия университетінің еуропалық және халықаралық стратегия жөніндегі вице-президенті Стефан Лоувик Жамбыл облысындағы электр сақтау станциясының перспективалары жайлы айтты.

Сонымен қатар шарада Лотарингия университетінің вице-президенті Карл Томбр: «Екіжақты серіктестік білім мен ғылым саласындағы ортақ мақсаттарды орындауға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз Қазақстанның жетекші университетімен ынтымақтастықты нығайтуға және бірлескен үлкен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз», – деген пікірімен бөлісті.

Басқосуда Францияның бас консулы Фабрис Невё, Total Eren компаниясының Орталық Азия бойынша вице-президенті Тьерри Плезан және өзге де делегация мүшелері, ғалымдар екі ел қарым-қатынасындағы энергетикалық ауысу барысын саралап, ұсыныстарын ортаға салды.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

«Академиялық ұтқырлық» сәтті жүзеге асуда

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кезекті ғылыми кеңесінде Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру департаментінің директоры Ләззат Рысымбетова өткен жылы шетелдік жоғары оқу орындарымен 624 ынтымақтастық туралы меморандум жасалғанын атап өтті.



Ең көп келісім ТМД және Азия елдері жоғары оқу орындарымен жасалды. ЖОО-да Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда.

Жастармен жұмыс департаментінің директоры Жұлдыз Есімова ҚазҰУ куратор-эдвайзерлерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шараларға тоқталды. Спикер куратор-эдвайзерлер жұмысының маңызына мән беріп, студенттердің қазіргі жағдайы бойынша деректер мен статистика, қысқы сессия қорытындыларымен таныстырды.

«Достық қарым-қатынастар арқасында көптеген бағыттар бо-

йынша, атап айтқанда: ғылыми-білім беру қызметінде, қосдипломдық білім беру бойынша меморандумдарға қол қою, бірлескен ғылыми мақалаларды дайындау және жариялау, тығыз байланыс орнату және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады», – дей келе, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиылғандар назарын жұмыстың мақсатты және нәтижелі болуына аударды.

Бұдан бөлек, кампус аумағында ішкі тәртіп ережелері қатаң сақталуы тиіс екенін еске салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Мемлекет басшысы ҚазҰУ профессорын марапаттады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Азия зерттеулер институтының директоры Гера Ким халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін Мемлекет басшысының жарлығымен II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.



Гера Николаевич Орталық Азиядағы корейтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Оның жетекшілігімен 25 ғалым диссертация қорғады. Профессор Ким Оңтүстік Корея, АҚШ және Жапонияның шетелдік жоғары

оқу орындарында сабақ берді, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Көптеген жылдар бойы «Орталық Азиядағы корейтану жаңалықтары» ғылыми журналын басқарды.

Профессор «Қазақстанның

еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» атағымен марапатталған. Оңтүстік Кореяның бір-қатар ордені және медалін иеленген.

Ташкент институтымен табысты байланыс

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ташкент химия-технологиялық институтының (ТХТИ) делегациясы жұмыс сапарымен келді.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім ордасының жетістіктеріне тоқтала келе, Өзбекстанның 13 жоғары оқу орны және институтымен әріптестік орнағанын атап өтті.

«Бізді Ташкент химия-технологиялық институтымен табысты ынтымақтастық біріктіреді. Алдағы уақытта да бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, атап айтқанда: химия және химиялық технология, тамақ технологиясы бойынша, сонымен қатар



магистранттар мен докторанттар алмасу және олардың ғылыми жұмыстарына бірлесіп жетекшілік жасау бағытында әріптестік жалғаса береді», – деді университет басшысы.

Қазіргі уақытта Өзбекстанның 108 студенті бакалавриат және магистратура бойынша ҚазҰУ-да білім алуда.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚХР университеті өкілдерімен кездесу



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР Солтүстік-батыс политехникалық университеті (СБПУ) Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің директоры Джанг Фулимен кездесті.

ҚазҰУ бүгінде Қытайдың көптеген жетекші университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Олардың ішінде Бейжің, Ланьчжоу, Шыңжаң, Шанхай және басқа да университеттер бар. Бүгінде университетте Конфуций институты, шығыстану факультеті және Қытайтану кафедрасы жұмыс істейді.

Өз кезегінде ҚХР Солтүстік-батыс политехникалық университеті Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің директоры Джанг Фули ҚазҰУ басшылығына алғаш білдіріп, 1938 жылы құрылған көпсалалы мемлекеттік университеттің құрылымы мен қызметі туралы айтып берді.

Билкент университеті жанындағы Киберпарк бас директоры Фарук Иналтекин Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келді.

Түрік Киберпаркi серіктес болуға шақырды



Білім ордасы басшысы университетте ғылыми кадрлардың әлеуеті зор екенін және шетелдік ғылыми институттармен және зертханалармен байланысты күшейтуге ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

Өз кезегінде Фарук Иналтекин Билкент университеті жанындағы Киберпарк Түркиядағы ең қарқынды дамып келе жатқан технопарктердің бірі екенін атап өтті. Бүгінгі таңда Киберпарк-

те түрлі бағыттағы 240 жетекші ғылыми-зерттеу фирмасы, бес зерттеу орталығы және бір микрочип зауыты бар.

Киберпарк технологияға негізделген кәсіпкерлік экожүйесінде маңызды орын алады.

Кездесу соңында Фарук Иналтекин ҚазҰУ мен Билкент университеті жанындағы Киберпарк арасында өзара тиімді серіктестік орнатуды ұсынды.

Гүл БАЯНДИНА

Бірлігі жарасқан білім ордасы

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Елімізде көптеген ұлт пен ұлыс тату-тәтті, достық қарым-қатынаста өмір сүріп жатыр. Қазақстанды Отаным деп қабылдайтын өзге ұлт өкілдері еліміз бен жеріміздің дамуына, гүлденіп көркеюіне сүбелі үлес қосуда. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да да ерен еңбегімен, ғылымдағы жетістігімен көзге түсіп, көпшілікке үлгі болып келе жатқан өзге ұлт өкілдері көп. Бүгінгі мерекеге орай, «Qazaq universiteti» газеті ғалымдардың ой-пікірін назарларыңызға ұсынды.

«ҚАЗҰУ-дан ҚОЛ ҮЗБЕЙ КЕЛЕМІН»

Григорий Мун 1988 жылдан бастап ҚазҰУ-да қызмет етіп келеді. Ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастаған. Одан кейін аға ғылыми қызметкер, доцент атанды. 1999 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Төрт жылдан кейін профессор атағы берілді. 2009 жылы ҚР Ұлттық инженерлік академияның корреспондент-мүшесі, ал 2012 жылы академигі болып сайланды.



Григорий Алексеевичтің жетекшілігімен 14 кандидаттық диссертация, 8 философия докторы (PhD) еңбегін қорғады. Ғалым 600-ден аса ғылыми жұмыс жазған, оның ішінде «Ғылымның тарихы мен философиясы» оқулығы, 7 оқу құралы, 15 монография, 30-дан аса өнертабысқа патенті бар. Ерекше атап өтерлігі, 100-ден аса еңбегі рейтингі жоғары халықаралық басылымдарда жарық көрген. Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» (2006, 2011, 2022) байқауының үш мәрте жеңімпазы. Ғылым мен техниканың дамуына қосқан ерен еңбегі үшін ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми гранттың (2006, 2011, 2017) да үш мәрте иегері.

Беделді Clarivate Analytics (Thomson Reuters) халықаралық ақпарат агенттігінің дерегі бойынша, Григорий Мун және оның Англияның жетекші оқу орындарының бірінде профессор болып жұмыс істейтін шәкірті В.Хуторянский соңғы 10 жылда наноғылым

мен нанотехнология саласындағы интерполимерлі кешендер бойынша әлемдік рейтингте алғашқы екі позицияны иемденіп келе жатыр. Григорий Алексеевич Қазақстан ғалымдары арасында ең жоғары сілтеме индексі (Sum of the Times Cited = 1739) мен Хирш индексі (h-index=27) иелерінің бірі.

«Ғылым – қоғамды алға жылжитатын үлкен күш. Еліміздің бақуатты болуы, экономикасы мен әлеуетінің ырғақты дамуы білім мен ғылымға тікелей байланысты болмақ. Сондықтан әр қазақстандық өзінің білімімен, білігімен еліміздің көркеюіне үлес қосатын болса, сөз жоқ, біздің Отанымыз көркейеді. Өзім 35 жыл ҚазҰУ-дан қол үзбей еңбек етіп келемін, шәкірт тәрбиелеп, ғылымға баулығаным үшін өте бақыттымын», – дейді көрнекті ғалым.

«ҚҰШАҒЫ КЕҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДӘН РИЗАМЫЗ»

Кәрімжан Шәкіров – ҚазҰУ-дың G-Global көмек орталығының директоры, халықаралық қатынастар факультеті Халықаралық құқық кафедрасының профессоры. Еуропалық заң академиясының (Будапешт) мүшесі, қылмыстық іс жүргізу, криминология және сот сараптамасы саласындағы білікті маманның 200-ден астам ғылыми жарияланымдары бар. Кәрімжан Нұрымұлы 5 монография, 30-дан астам оқу-тәжірибелік және оқу-әдістемелік құралдар жазды. Бұл еңбегі қоғамда жоғары бағаланды. Ғалым халықаралық саясат, құқық, қылмыстық іс жүргізу, криминология, сот сараптамасының өзекті мәселелеріне, сондай-ақ еліміздің жоғары білім беру



жүйесін дамыту түйткілдеріне арналған 170-тен астам ғылыми мақала жариялады. Ғалымның еңбектері Thomson Reuters және Scopus халықаралық журнал-


дарында жарияланғанын ауыз толтырып айта алмыз.

2009-17 жылдар аралығында Кәрімжан Шәкіров ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарды. «ҚР Конституциясына – 10 жыл», «ҚР Конституциясына – 20 жыл», «ҚР Конституциясына – 25 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

«Достық, татулық, өзара түсіністік болған қоғамда даму, өрлеуге даңғыл жол ашылады. Құдайға шүкір, Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Осыншама ұлт пен ұлысты құшағына сыйғызып отырған Қазақ еліне дән ризамыз». Бұл – Кәрімжан Нұрымұлының жүрекжарды сөзі.

«ЕҢБЕГІММЕН ЕЛІМЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН»

Владимир Чередниченко – география ғылымының докторы, профессор. Алпыс жылға жуық ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар. Басшылық тәжірибесі де жоқ емес: «Қазгидромет» есептеу орталығының бастығы, ҚазҰУ-дың Метеорология кафедрасының меңгерушісі (1987-92; 1996-2010) болған. Белсенді ғылыми жұмыстармен айналысады. Scopus және Web of Science деректер базасына кіретін журналдарда 11 жарияланым жарық көрді. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (КОКСОН) талабы бойынша 20-дан астам мақаласы жарияланған. Web of Science бойынша – 2, Scopus бойынша 3 Хирш индексі бар. Ғылыми ізденістері негізінде алты монография, төрт оқу құралын жазды. «Радиометеорология және аэрология» оқулығының авторы, Экология министрлігі ресми түрде қабылдаған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 10 нормативтік құжаттың авторы. Владимир Сергеевичтің жетекшілігімен бес



кандидаттық диссертация қорғалды.

2010-20 жылдар аралығында ҚР БҒМ үш іргелі ғылыми гранттық жобасының жетекшісі болды. Басым ғылыми бағыттарының ішінде климаттың өзгеруі және оның экожүйенің беткі ағынына, шаруашылық қызметке әсері; табиғи ресурстардың әсерін пайдаландыру оңтайландыру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету; жаңартылатын энергия көздері сынды тақырыптарымен ерекшеленеді. «Табиғи ресурстарды пай-

даланды оңтайландырудың және климаттың өзгеруі жағдайында орнықты дамуды қамтамасыз етудің ғылыми негіздері»; 0493/ГФ4 Қазақстан Республикасы климатының өзгеруі және оның жер бетіндегі ағындарға, экожүйелерге және шаруашылық қызметке әсері; ARO5131867 климаттың өзгеруі жағдайында Қазақстан Республикасының беткі ағысының динамикасы және оның 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған сценарийі (болжамы).

Владимир Сергеевич еңбектегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, сондай-ақ ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған мерейтойлық Алтын медальмен марапатталды. «Гидрометеорология саласының үздігі» төсбелгісін кеудесіне таққан.

«Өмірімді ғылымға арнағаным еш өкінбеймін. Менің қолымнан келгені – ғылыммен айналысу. Еліме осылай қызмет еттім, Қазақстанда өсіп-өнім, ғұмырыма ризамын», – дейді В.Чередниченко ағынан жарыла.

«БЕЙБІТ ӨМІРГЕ ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ»

Виталий Камхен М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының педиатрия факультетін тәмамдаған. Мамандығы – педиатр. Одан кейін Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің магистратурасында білім алған.

Іле-шала Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің философия докторы (PhD) атанды.

Жұмыс тәжірибесінде учаскелік педиатр, неонатолог, оқытушы, оқу-әдістемелік бөлімінің маманы, ресурстық-ақпараттық орталықтың басшысы, қашықтан оқыту маманы болып қызмет ат-

қарған. Халық регистрінің дәрігері, ғылыми қызметкер болған. Статистика бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен. Қазір ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультеті Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының доценті.

Виталий Брониславович студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясының жеңімпазы (2003); ҚР медициналық жоғары оқу орындарының магистранттары арасындағы республикалық олимпиаданың жеңімпазы (2012).




Педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі – 10 жыл. Медицинаның эпидемиология, дәлелді медицина, биостатистика және т.б. салалары бойынша студенттерді білімге баулып жүр. Ғылымда жеке адамның денсаулығы мен халық денсаулығына, менеджмент және т.б. тақырыптарға қызығады.

Виталий Брониславович Сварга жүйесі бойынша өзін-өзі жетілдірумен айналысады. «Өзімізді жеке сақтау үшін және жер

бетіндегі барлық адамдардың игілігі үшін» (Atmano mokshartham jagat hitaya cha) деген ұранмен өмір сүреді. Виталий Камхен бізбен әңгімесінде өз ойын былай жеткізді: «Қазақстан – менің Отаным. Елімнің гүлденіп көркеюі үшін қолымнан келгеннің бәрін істеймін. Жер бетіндегі халықтар тату, мейіріммен өмір сүрсе, болашағымыз жарқын болмақ. Бейбіт өмірге ештеңе жетпейді. Әлемде бейбітшілік жасасын».

Біліктілігі мен азаматтығы тең тұлға

Еліміздің ғылымы мен жоғары білімі саласында үлкен із қалдырған, қазақтан бірінші болып теориялық физиканың есігін ашып, төріне шыққан көрнекті ғалым, біліктілігі мен қоғам алдындағы азаматтығы тең тұлға Мейірхан Әбділдин биыл 85 жасқа толар еді. Саналы ғұмырында артында өшпес мол мұра қалдырған, шәкірт тәрбиелеп, соның ішінде Эйнштейннің жалпы салыстырмалық теориясы бойынша ғылыми зерттеу мектебін мұра етіп қалдырған енегелі ұстаз Мейірхан Мұбаракұлы қазақ ғылымындағы шоқтығы биік ғалымдардың бірі.



тейннің тартылыс теориясының механикасы» атты алғашқы кітабы және «Теориялық физикадағы іргелі өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеу», «Жалпы салыстырмалық теориясындағы денелердің қозғалысы мәселесі» сынды еңбектері физика ғылымы саласында жақсы жаңалық ретінде жоғары бағасын алды. Мұнан өзге, ғалымның әлем ғалымдарын таңғалдырып, мойындатқан басқа да еңбектері жетерлік. Сол ерен еңбектері үшін шетелдік әріптестері құрмет тұтады.

М.Әбділдин іргелі зерттеулердің «Теориялық физика» республикалық басым бағытына жетекші болды. ҚР ҰҒА шеңберінде «Гравитациялық, электромагниттік, күшті және әлсіз әрекеттесулерді теориялық зерттеу» іргелі ғылыми зерттеу бағдарламасын басқарды.

Қазақстандағы «Теориялық физика және жылу физикасы» мамандықтары бойынша Д.14/А.01.01 докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі алғашқы кеңестің төрағасы болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде алғаш құрылған Эксперименттік және теориялық физика ғылыми зерттеу институтының негізін салушылардың бірі.

Оның еңбектерін дүниежүзіндегі ең атақты ғылыми қауымдастықтар мойындады. Ол Ресей гравитация қоғамы президиумының мүшесі, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, Халықаралық жоғары білім ғылым академиясының құрметті академигі, Қазақстан Республикасы Жоғары білім ғылым академиясының академигі болды. Қазақстан Жоғары аттестаттау комиссиясы президиумының мүшесі, 9-шы және 10-шы Ресей гравитациялық конференцияларының (Новгород, 1996; Владимир, 1999), сондай-ақ «Кванттық өріс теориясы және гравитация» (Томск, 1997)

және т.б. Салыстырмалық және тартылыс теориясы бойынша бірқатар халықаралық конференциялардың үйлестіру комитетінің мүшесі (Иерусалим, 1997; Рим, 2000; Рио-де-Жанейро, 2003; Берлин, 2006). Оның ғылыми жетекшілігімен жиырмаға жуық кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған.

Профессордың ғылыми нәтижелері америкалық физик А.Траутманнның жалпы салыстырмалық теориясының 50 жылдығына арналған мақаласында (Успехи физических наук, КСРО ФА, 89-том, 1-шығарылым, 1966 ж. мамыр, 30-бет) және А.Эйнштейннің туғанына 100 жыл толуына орай, Берлинде өткен мерейтойлық конференцияда (Физика мәселелері кітабында, М, Мир, 1982, 150-бет) аталып өтті. Бұл нәтижелер жалпы салыстырмалық теориясы бойынша 15-ші халықаралық конференция материалдарында толық талқыланды.

Көрнекті ғалым, тамаша тұлға және қазақ халқының ардақты перзенті Мейірхан Мұбаракұлы Әбділдиннің жарқын естелігі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ұстаздың өмірден өткеніне он жылдан асса да, ол кісі айтқан өсиеттер мен естеліктер өмір бойы жадымызда қалды. Мен оны өзімнің ұстазым деп атағанымды мақтан тұтамын және бүгінгідей азамат болып қалыптасуыма көп ықпал еткені үшін оған алғысым шексіз. Арасына жыл салып 12 сәуірде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде өтетін «Әбділдин оқулары» атты дәстүрлі халықаралық конференция шәкірттерінің ұстазға арналған ескерткіштерінің бірі болып табылады деп сенемін.

Нұрзада БЕЙСЕН,
ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, физика-техникалық факультетінің деканы

Қазақ тіл ғылымында өзіндік із қалдырған, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, талантты ғалым Аққал Қалыбаева (Хасенова) есімі мен еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Тіл ғылымында өзіндік із қалдырған ғалым

Аққал Қалыбайқызы 1923 жылы 17 сәуірде Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Жоғарғы Шыршық ауданының Янгибазар ауылында дүниеге келген. Оқуға ынтық Аққал апай 1945 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіріп, ғылымға ден қояды. 1949 жылы «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация, ал 1963 жылы «Қазақ тілінің етістік негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, қазақ қыздарының ішінен (қазақ) тіл білімі саласы бойынша тұңғыш ғылым докторы атанған. Тілші-ғалымның арнайы айналысқан тілдік мәселелері әр саланы қамтиды: қазақ тілінің грамматикасы, терминологиясы, сөзжасам, емле, диалектология мәселелері.

Аққал Қалыбаеваның (Хасенова) «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951), «Қазақ тіліндегі -ла, -ле аффиксті туынды етістіктер» (1957), «Қазақ тіліндегі туынды етістіктер» (1959), «Қазақ тілінің грамматикасы» (1967), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1969), «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» (1971), «Қазақ тілінің грамматикасы бойынша зерттеулер» (1975), «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» (1986), «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (1989) т.б. еңбектері тіл ғылымындағы күрделі мәселелерді зерттеуге арналған.

А.Қалыбаеваның алғашқы еңбектерінің бірі – «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951). Қазақ тіліндегі көп дау туғызып жүрген, күрделі мәселенің бірі – етіс категориясы. Ғалым осы бір күрделі мәселені арнайы зерттеп, өзіндік талдаулар мен ой қорытындысын жасайды.

Ғалымның «Қазақ тіліндегі -ла, -ле аффиксті туынды етістіктер» (1957) атты зерттеуі етістіктің сөзжасамына арналған, -ла, -ле аффиксі арқылы жасалған туынды етістіктерді арнайы зерттеу нысаны еткен.

«Қазақ тіліндегі туынды етістіктер» (1959) атты еңбегінде ғалым лексикалық құрамы көлемді, құрылымы аса күрделі сөз табы саналатын етістіктің сөзжасамына қатысты мәселелерді барынша қамтуға тырысқан.

Аққал Қалыбаеваның профессор Нұржамал Оралбаевамен авторлық бірлестікте жазған «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар



жүйесі» (1986) атты еңбегінің маңызы ерекше. Ғалым еңбектің морфеманың теориялық негіздері, морфтар жүйесі, морфемалардың лексика-грамматикалық сипаты, семантика және функциялық ерекшеліктері, морфтар морфонологиясы т.б. сияқты тарауларын жазып, тіл ғылымындағы морфема, морф, морфонологияға қатысты жаңа көзқарастар мен теорияларды негіздеген. Сондай-ақ А.Қалыбаева қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерін түзуге атсалысқан, орфографиялық сөздіктің бірнеше басылымында тұрақты авторлардың бірі болған. Көрнекті ғалым ұжымдық еңбек саналатын академиялық грамматиканың морфонологияға қатысты мәселелерін жазуға қатысқан авторлардың бірі. Тіл білімі институтында қызмет еткен жылдары ғалым үнемі ұжымдық зерттеу жұмыстарына араласып, белсене қатысып отырған.

Ғалымды тіл білімі, тілдің негізгі проблемалары ғана емес, сонымен қатар отбасы, бала тәрбиесі, қазақ қыздарының ғылымдағы, өнердегі, қоғамдағы рөлі сияқты мәселелер де қызықтырған. Кеңес кезінде жазылған «Біздің советтік семья», «Семья, неке және ислам», «В.И.Ленин және әйел теңдігі» сияқты кітаптарында айтқан ойлары осының айғағы.

Көрнекті ғалым, зерделі зерттеуші, қазақ қыздарының ішінде шыққан қазақ тіл ғылымы бойынша тұңғыш ғылым докторы, профессор Аққал Қалыбаева қазақ тіл білімінің іргесін бекітіп, көкжиегін кеңейту жолында жемісті еңбек еткенін біз туғанына 100 жыл толу қарсаңында құрметпен еске аламыз.

Құралай МҰХАМАДИ,
қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к.

Большой ученый и талантливый педагог

У доктора географических наук, профессора Казахского национального университета им. Аль-Фараби, профессора Шерипжана Маруповича Надырова – 75-летний юбилей. Мы знаем Шерипжана Маруповича как выдающегося эконом-географа нашей страны, прошедшего большой жизненный и творческий путь.



Свою трудовую деятельность в качестве дипломированного специалиста-географа Шерипжан Марупович начал в 1971 году в секторе географии АН Казахской ССР в должности младшего научного сотрудника, где работал до 1985 года. Именно в стенах этого сектора он окончил аспирантуру очного обучения (1977-1980 гг.), там же ему удалось получить направление на повышение квалификации на географическом факультете Ленинградского государственного университета им. Жданова. Свою кандидатскую диссертацию успешно защитил в 1981 году на спецсовете Ленинградского государственного университета им. Жданова.

С 1985 году Надыров Ш.М. работал в должности старшего преподавателя кафедры экономической географии естественно-географического факультета КазПИ им. Абая, а затем и возглавил эту кафедру. В 1989 году его пригласили в Институт уйгуроведения НАН РК. В 1990-1991 г. он проходил научную стажировку в Синьцзянском Институте географии АН КНР в г. Урумчи, где помимо изучения китайского языка, совместно с китайскими учеными занимался исследованиями региональных проблем Казахстана и СУАР КНР. В 1995 году защитил на специализированном совете Института географии АН Азербайджанской Республики докторскую диссертацию. В течение ряда лет Шерипжан Марупович занимал должности завотделом экономических и политических отношений, замдиректора Института востоковедения, завотделом экономической безопасности в Институте стратегических исследований при Президенте РК, где он проводил научные исследования по проблемам геополитики, международных отношений.

Дальнейшая научно-педагогическая деятельность Ш.М.Надырова с 1997 года связана с кафедрой экономической и социальной географии географического факультета КазНУ имени Аль-Фараби, где он продолжает свою научную и педагогическую деятельность и поныне профессором кафедры географии, землеустройства и кадастра. Он последовательно прошел путь от профессора кафедры до заведующего кафедрой, а затем и декана географического факультета. В какой бы должности Шерипжан Марупович не работал, он всегда оставался скромным и «общедоступным» человеком и, самое главное, превосходным учителем и наставником. Мы, ученики Шерипжана Надырова, видим в нем достойного для подражания наставника, который воспитывает

своим примером каждодневного вдохновенного труда и преданностью географической науке.

Шерипжан Марупович и в свои 75 лет все так же продолжает добросовестно трудиться, в том же темпе, как и в былые годы. Конечно же, профессор Ш.М.Надыров имеет много звучных регалий и званий. Он награжден медалью «За заслуги в развитии науки РК», «Лучший преподаватель ВУЗа» и др. Он является первым казахстанским эконом-географом, удостоенный в 2016 году звания Почетного зарубежного члена Ассоциации Российских географов-обществоведов (АРГО). Им опубликовано более 160 научных работ, в том числе 12 монографий и 10 статей в высокорейтинговых журналах, среди которых монография в 3-х томах «Пространственная организация территории и расселения населения Республики Казахстан до 2030 года», получившая широкий резонанс зарубежной научной общественности. Изданы учебники для ВУЗов «Экономическая, социальная и политическая география мира» 1 том, учебник для 10 класса «Экономическая и социальная география мира» в соавторстве с известным российским ученым В.П.Максаковским, учебник для 9 класса «Экономическая и социальная география Казахстана и многие другие.

Шерипжан Марупович, как ученый, педагог, общественный деятель и просто талантливый, мудрый человек, достиг огромных высот в науке. У него еще очень много идей и замыслов. Он полон сил и энергии. Его жизнь и деятельность – достойный пример для подражания в деле воспитания молодежи, беззаветного служения географической науке, образованию.

Мы, его ученики, гордимся им, как одним из известных ученых Казахстана. Желаем ему крепкого здоровья, мира и добра, уюта и тепла в доме, творческих побед. Пусть каждый день жизни юбиляра и дальше будет наполнен гордостью за то, что удалось сделать. Уверены, что энергия и целеустремленность позволят Шерипжану Маруповичу и в дальнейшем добиваться успехов на благо науки и образования Казахстана.

Гульнар НЮСУПОВА,
д.г.н., профессор

Кульзада ДҮЙСЕБАЕВА,
к.г.н., доцент
кафедры географии,
землеустройства и кадастра

Бельгийский образовательный совет – международная платформа, обучающая преподавателей со всего мира новым методам и технологиям интерактивного обучения, партнером которого является и наш университет КазНУ имени Аль-Фараби.

кафедры. Наши молодые преподаватели получили сертификаты по методам активного обучения в онлайн формате и активно применяют эти инструменты (ресурсное обуче-

Преподаватель раскрывает потенциал студента

Целью данного совета является помочь педагогам адаптироваться к стремительно меняющейся образовательной среде; повысить качество учебного процесса в дистанционном и смешанных форматах обучения; мотивировать преподавателей к внедрению инновационных технологий в свою практику и получению удовольствия от всех форматов обучения. В течение пары последних лет наши преподаватели были участниками движения «Киберпедагог», участвовали в серии мастер-классов, где развивали свои навыки и

знания, необходимые для эффективного преподавания при дистанционном и смешанном формате обучения. Финальный этап данного движения – внедрение полученных знаний в учебный процесс, в этом помогли программы повышения квалификации названного совета.

Преподаватели кафедры Математического и компьютерного моделирования приняли решение о прохождении повышения квалификации в Бельгийском образовательном совете всем коллективом по инициативе руководства

кафедры. Наши молодые преподаватели получили сертификаты по методам активного обучения в онлайн формате и активно применяют эти инструменты (ресурсное обучение, метод кейсов, проблемный подход, командный подход) во время занятий. Рекомендуем названные курсы всем молодым преподавателям, так как виртуальные экскурсии по лабораториям активного обучения с теорией, кейсами и лабораторными работами дают развивать навыки личной эффективности преподавателя и помогают раскрывать потенциал каждого студента.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
к.ф.м.н. зам. завкафедрой
МКМ механико-математического факультета

Меня всегда привлекала возможность обучения по обмену в другой стране. Как только я узнал о существовании совместной образовательной программы в моем университете с КазНУ имени Аль-Фараби, я решил воспользоваться этим шансом и поступил на совместную образовательную программу магистратуры «Техническая физика (НИУ ИТМО)». В первом семестре мы прошли обучение в Университете ИТМО, город Санкт-Петербург. Во втором семестре я со своими учусь в КазНУ имени Аль-Фараби. Впечатления от города Алматы и университета – незабываемые! Радужный приём, передача инфраструктуры и удобное расположение делают обучение и пребывание здесь очень комфортным. Наш университет неспроста занимает 150-е место в QS World University Rankings 2023.

Горжусь, что учусь в этом университете

В данное время я обучаюсь на научно-педагогическом направлении магистратуры физико-технического факультета, что в будущем позволит мне преподавать в ВУЗе. В программу обучения включена практика, которая закрепляет теоретически пройденный материал, а также даёт бесценный опыт. Помимо базовых предметов, связанных со специальностью, также делается упор на иностранный язык, технический английский. Всё это открывает двери и расширяет границы для международной карьеры. Кроме этого, студентам оказывается мотивационная поддержка и помощь в адаптации. Разнообразный педагогический состав, много молодых преподавателей. Здесь поддерживают активность, инициативность и амбициозные начинания. Например, когда возникла идея создания английского разговорного клуба, я обратился в деканат и мне активно пошли на встречу и содействовали в этом проекте.

Также хочу отметить, что университет является научным центром и даёт возможность участвовать в разнообразных научных конференциях, выступать со своими докладами, презентациями, делиться идеями,



разработками и исследованиями. Не могу ни сказать о студенческом городке, или, как его называют – «КазГУграде». Это очень чистое, комфортабельное и безопасное место, с красивым видом на горы, и к тому же расположенное рядом с Ботаническим садом. Прогулка здесь – одно удовольствие. Условия в общежитиях не оставляют равнодушным даже искушенных студентов. В каждой комнате индивидуальный санузел. На каждом этаже есть кухня с электроплитами, читальные залы для учёбы, всё необходимое. Доброжелательный персонал поддерживает чистоту и порядок, любые бытовые вопросы быстро решаются. «Вишенкой

на торте» отмечу библиотеку Аль-Фараби. Инновационное, красивое здание, оснащенное современным оборудованием, богатой библиотекой, компьютерным залом для учёбы, кафе, музеем, конференц-залом и т.д. Туда хочется возвращаться, там хочется проводить время с пользой.

Я выражаю благодарность всем сотрудникам университета за их бесценный труд и безграничное терпение, и горжусь, что учусь в этом университете.

Николай МОРОЗОВ,
магистрант 1-курса
совместной
образовательной
программы «Техническая
физика (НИУ ИТМО)»

Шетелдік студенттер форумы жастарға рух берді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Фараби бізді достастырады» («Farabi made us friends») атты шетелдік студенттердің алғашқы форумы өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзінде «Farabi made us friends» форумы достық қарым-қатынас, мәдени байланыстар мен тәжірибе алмасудың жаңа бағыттарына жол ашатынын атап өтті.

«Бұл шараны ұйымдастыру туралы арнайы тапсырма берген болатынымын. Сіздермен жақын танысып, университет қызметі мен атқарылған жұмыстармен бөлісуді жөн көрдім. Сондай-ақ сіздердің де ұсыныс-пікірлеріңізді естігім келді. Өнерлеріңізді де тамашалап, әр мемлекеттің мәдениетін барлық жастарға көрсетіп, сіздердің араларыңызда достық қарым-қатынас орнатуды мақсат еттік», – деді ректор өз сөзінде.

ҚазҰУ 2026 жылға қарай шетелдік студенттердің үлесін 25 пайызға ұлғайтуға және шет мемлекеттердің географиялық ауқымын 50-ден 100 мемлекетке дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Қазақ тілі, медицина, ақпараттық жүйелер, халықаралық қатынастар, менеджмент, биотехнология сынды білім беру бағдарламалары бүгінгі шетелдік студенттер тарапынан сұранысқа ие. Оқытушылардың 37 пайызы ағылшын тілінде сабақ өтеді, 3000-ға жуық студент ағылшын топтарында білім алады.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында әртүрлі ұлттардың 200-ден астам өкілі жұмыс істейді және әлемнің 53 елінен 2500-ден астам шетелдік студент оқиды. Университет 500 шетелдік университетпен тығыз байланыс орнатқан және әртүрлі халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүше.

Шара кезінде ҚазҰУ-дың шетелдік студенттері: Лахарвал Хашим Шоукат (Кашмир), Аль-Ясин Бақр Рабах Мохаммед Хасан (Ирак), Явуз Дилара (Түркия), Хан Сарах Абдул Хак (Үндістан), Фагани Сара (Иран), Махмуд Садик Абубукар (Нигерия), Конан Ивакумалар (Жапония) өз ана тілдерінде сөз сөйлеп, төл мәдениеттерімен таныстырды.

Сонымен қатар оқуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, белсенділік танытқан 50 шетелдік студентке арнайы дипломдар табысталды. Форум барысында шетелдік студенттер өнер көрсетіп, араб, иордан, түрік, парсы тілдерінде ән шырқап, би биледі.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Суреттерді түсірген **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.